

"Қазақстантрактор" акционерлік қоғамының акцияларының мемлекеттік пакетін "Қазақстан инжиниринг" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталына беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 тамыздағы N 861 Қаулысы

"Қазақстантрактор" акционерлік қоғамының қаржы-экономикалық жай-күйін тұрақтандыру және оған инвестициялар тарту мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "Қазақстантрактор" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін жарияланған акциялардың жалпы санының 33,92%-ы мөлшерінде "Қазақстан инжиниринг" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының орналастырылатын акцияларының төлеміне беруді қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдасын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі